

Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын әзірлеу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 212-ө
өкімі

1. Халықтың қалың жігі қол жеткізетін тұрғын үйлерді іске қосудың көлемін ұлғайтуға және Қазақстанда тұрғын үй проблемасын кезең-кезеңмен шешуге бағытталған Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын әзірлеу үшін мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|---------------------------------------|---------------------------------------|
| Мамин | - Қазақстан Республикасының Индустрия |
| Асқар Ұзақбайұлы | және сауда бірінші вице-министрі, |
| жетекші | |
| Омаров | - Қазақстан Республикасының |
| Қайсар Оспанұлы | Индустрия және сауда министрлігі |
| | Құрылыс істері жөніндегі комитетінің |
| төрағасы, жетекшінің орынбасары | |
| Смағұлов | - Қазақстан Республикасы Индустрия |
| Сейітжан Айтыбайұлы | және сауда министрлігінің Құрылыс |
| | істері жөніндегі комитеті тұрғын үй |
| құрылысы бөлімінің бастығы, хатшы | |
| Мыңбаев | - Қазақстан Республикасының Табиғи |
| Алмас Саятұлы | монополияларды реттеу және |
| | бәсекелестікті қорғау жөніндегі |
| (келісім бойынша) | агенттігі төрағасының орынбасары |
| Әбдікәрімова | - Қазақстан Республикасы Экономика |
| Салтанат Жақсылыққызы | және бюджеттік жоспарлау |
| | министрлігінің бағдарламаларды |
| әзірлеуді және іске асыруды үйлестіру | |
| басқармасы бастығының орынбасары | |
| Ыбырайымова | - Қазақстан Республикасы Ұлттық |
| Бәтеш Құдысқызы | Банкінің үйлестіру басқармасы |
| бастығының орынбасары (келісім | |
| бойынша) | |

Олжабаева
Қымбат Болатқызы

- Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі Мемлекеттік борыш және
кредит беру департаментінің кредит
беру басқармасы бюджеттік кредиттер

бөлімінің бастығы

2. Жұмыс тобы 2003 жылғы IV тоқсанда Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде жұмыс тобына қаржыландырудың көлемі мен көздерін көрсете отырып, мынадай деректерді ұсынсын:

есепке алу санаты бойынша бөле отырып және есептік кезеңде мұқтаждар санының өзгеруін болжай отырып, тұрғын үй жағдайын жақсартуға есепте тұрған азаматтардың санына сәйкес тұрғын үй құрылысына қажеттілік;

тозған тұрғын үйлерді күрделі жөндеудің және авариялық тұрғын үйлерді бұзудың өңірлік бағдарламасын іске асырған кезде жаңа тұрғын үй құрылысына қажеттілік;

жаппай тұрғын үй құрылысының алғашқы сериялы тұрғын үйлерінің тіреу және қоршау құрастырмаларын күшейту жөніндегі іс-шараларды жүргізген кезде тұрғындарды қоныстандыру үшін резервтік тұрғын үй қорына қажеттілік.

Премьер-Министр